

КПО KIOGE 2010—ға қатысты

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) 2010 жылдың 6-9 қазан аралығында Алматы қаласында өткен KIOGE 2010 Каспий маңы аймағындағы және Орталық Азиядағы ең ірі халықаралық мұнай және газ көрмесі мен конференциясына қатысты. КПО ең үздік корпоративті стендтің дизайны үшін жүлдемен марапатталды.

ҚР Мұнай және газ министрі Сауат Мыңбаев жолдаған құттықтауында атап айтқандай, «KIOGE 2010 форумы мұнай және газ саласындағы инновациялық

жетістіктерді көрсету алаңы ретінде саналады». «Жыл сайын өтетін форум барысында көтерілетін мәселелер Қазақстанның мұнай және газ саласының қазіргі даму нәтижелері мен әлеуетін кең ауқымда көрсетіп, шетел және отандық компанияларға озық технологияларын енгізу тәжірибелерін одан ары қарқынды алмастыруға мүмкіндік береді», - деп, Сауат Мыңбаев атап айтты.

KIOGE көрмесіне әлемнің 30 елінен 500-ге жуық компания қатысты. КПО стендінен қатысушылар компанияның



өндірістік қызметінің нәтижелерімен таныса алды. Бүгінгі таңда Қарашығанақ жалпы инвестиция көлемі 14 миллиард АҚШ долларынан артық құрайтын, Қазақстандағы ең ірі халықаралық жобалардың бірі. КПО қызметі Қазақстан игілігіне Қарашығанақтың табиғи ресурстарын ықыласты игерудің кепілі ретінде қызмет ететін мемлекеттік тұрақты даму стратегиясына сай іске асырылады. Осымен қатар, кен орнын игеру мемлекеттік қазынаға айтарлықтай кірістің түсімін қамтамасыз етіп, озық технологияларын

енгізу және қазақстандық жұмысшылары мен мердігерлерге халықаралық тәжірибені беру арқылы Қазақстан Республикасының экономикасын дамыту және диверсификациялауға айтарлықтай үлес қосады.

Сонымен қатар КПО KIOGE Oil & Gas Job Fair – вакансиялар жәрмеңкесіне де қатысты. Осында карьералық мүмкіндіктерін іздестірген мамандар мен жоғары оқу орындарын бітірушілер КПО-ның қызметкерлерді іріктеу консультанттарымен кездесуге мүмкіндік алды.

«СайПар» компаниясының №249 бұрғылау қондырғысы ұжымының үлкен көрсеткіші

Биылғы жылдың қыркүйек айында №249 бұрғылау қондырғысының ұжымы Қарашығанақ кен орнында 9628 көлденең ұңғыманы бұрғылап бітіріп, үлкен көрсеткішке қол жеткізді. 9628 ұңғымасы Қарашығанақ кен орнындағы ең терең ұңғыма болып табылады және оны бұрғылау жұмыстары қысқа мерзім ішінде аяқталды. Сонымен бірге оны бұрғылауға өте аз мөлшерде шығын жұмсалды. Ұңғыманың жалпы тереңдігі 6365 метрді құрайды, оның аяқтап шығуға 20.5 миллион АҚШ доллары мен 77 күн кеткен. Осылайша «СайПар» компаниясының №249 бұрғылау қондырғысының ұжымы бұрғылау жұмыстарын кестеден 12 күн бұрын бітіріп, 5,7 миллион АҚШ долларын үнемдеді.

Әсіресе, бұл өндірістік рекордқа техника қауіпсіздігін бұзбастан, жұмыс уақытын жоғалтатын басқа да оқис оқиғасыз қол жеткенін атап айтқан жөн.

Осы тамаша көрсеткішке қол жеткізуге байланысты КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази «СайПар» компаниясының №249 бұрғылау қондырғысының ұжымына құттықтау жолдады: «Мен қол жеткен нәтижені



мақтан етемін, бұл жерде КПО қызметкерлері мен оның мердігерлерінің жоғары кәсібилігі тағы да дәлелденіп отыр. Бұрғылау қондырғысының командасына мақсатқа ұмтылушылығы, сол сияқты техника қауіпсіздігі бойынша жақсы көрсеткішке деген құлшыныстары үшін алғыс айтамын».

Өз кезегінде КПО-ның өндіріс

жөніндегі директоры Грэхам Скоттон да КПО-ның ұңғымалық операциялар ұжымын және «СайПар» командасын осы жетістіктерімен құттықтады: «КПО-ның ұңғымалық операциялар ұжымы мен «СайПар» командасы техника қауіпсіздігі ережелерін жетілдіру жөнінде қойылып отырған міндетті дұрыс түсінеді деп есептеймін. Өйткені

бірнеше жылдар бойы олар осы саладағы жұмыстарының жетілдірілгенін үнемі көрсетіп келеді. Сіздердің бүкіл табыстарыңыз КПО-ның барлық ұжымы үшін жарақатсыз және жұмыс уақытын жоғалтпай қалай жұмыс жасауға болатынын көрсететін жарқын үлгі болып табылады».

Осы жетістік туралы сөз қозғай

келе КПО-ның ұңғымалық операциялар бөлімінің менеджерлері Сабатино Маццей мен Энди Свэйл: «Біз бұл тамаша көрсеткіш бірнеше фактордың нәтижесі екеніне сенімдіміз. Олар: өндірістік операцияларды дұрыс жоспарлау мен жобалау, жұмыс тәжірибесі және одан дұрыс қорытынды шығару, мердігерлік компаниялардағы бұрғылау жұмыстарының орындалуын мұқият қадағалау. Бұрғылау қондырғысының бүкіл ұжымы біртұтас команда ретінде біріге жұмыс жасады. Сөйтіп, біз алдымызда кездескен көптеген қиындықтарға қарамастан осындай биік нәтиже шығардық» - деп атап көрсетті. «СайПар» компаниясының ұңғымаларды пайдалану жөніндегі ұжымы негізін қазақстандық қызметкерлерден тұрады. Бұдан басқа, қадағалаушы және техникалық қызметтердің барлығында да қазақстандық мамандар жұмыс жасайды. «Новости Карачаганак» газетінің редакциясы осы құттықтауларға қосылады және КПО-ның басшылығы мен «СайПар» ұңғымалық қондырғысы ұжымына ары қарай да өндірістік табыстар тілейді.

Ауыл тұрғындары КПО-ға риза

Қыркүйектің 15-і күні КПО-ның бас ғимаратында бас директор Джузеппе Пази Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан Березов, Приурал, Успенев және Жаңаталап сияқты селолық округ өкілдерімен кездесті.

Кездесуге келген делегацияның құрамында селолық округ әкімдері мен ауыл мектептерінің директорлары бар. Олардың КПО-ға келген негізгі мақсаты – компания басшылығына, соның ішінде бас директор Джузеппе

Пазиге 1 қыркүйектегі Білім күніне орай кен орнына жақын жатқан 6 ауылдың мектеп оқушыларына сыйға тартылған жаңа автобустар үшін алғыс айту болатын.

Селолық округ өкілдерімен кездесу барысында Джузеппе Пази оларды КПО компаниясы ауыл тұрғындарының тұрмысы төмен бөлігіне, сол сияқты білім, өнер, мәдениет, спорт салалары мен жастарға қолдау көрсету бағытындағы жұмыстарға қолдан келгенше көмек көрсете

беретінін айтты.

КПО компаниясы құрылған күннен бастап аудан тұрғындарымен тығыз достық қарым-қатынас орнатқанын айта кеткен жөн. Көптеген жылдардан бері КПО компаниясы соғыс және еңбек ардагерлерінің емделуіне демеушілік көрсетіп, сол сияқты Берлі ауданының балаларына Батыс Қазақстан аумағындағы ең жақсы демалыс лагерлеріне жолдама беріп келеді.



Мұнайшылар мен газ өндірушілер аллеясы



Жақында Орал қаласында мұнайшылар, газ өндірушілер мен геологтар даңғы аллеясының ашылу салтанаты болып өтті. Бұл Қазақстандағы осындай тұңғыш аллея. Ал олардың жалпы саны бесеу болмақ. Оның ашылуына «Мұнайшы» қоғамдық қорының қамқорлық кеңесінің төрағасы, академик А. Құлыбаев, облыс әкімі Б. Ізмұхамбетов, қала әкімі С. Оразов, оның орынбасарлары, Қазақстанның Ұлттық инженерлік академиясының академигері, қоғам қайраткерлері қатысты. Көптеген жылдар бұрын елімізде алғашқы ұңғымалар қазылды. Қазақстандық геологтар мұнай мен газдың бай кен орнын

тапты. Олардың еңбегі құрметке лайық. «Мұнайшы» қоғамдық қоры Қазақстанның атақты мұнайшыларын мәңгілік есте қалдыру туралы бастама көтеріп, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Қызылорда мен Батыс Қазақстан облыстарында даңқ аллеясын ашуды ұсынған еді. Біздің облысымыз бұл ұсынысқа бірінші болып қолдау көрсетті.

Аллеяның салтанатты ашылуында облыс әкімі Б. Ізмұхамбетов республикадағы мұнайгаз өндіру саласына жол ашқан алғашқы мұнайшылардың қомақты еңбегін атап өтті. Батыс Қазақстан облысы ең мұнайлы аймақтың бірі, бұл жерде геолог-мұнайшылардың

еңбегі зор екенін де айтты. «Мұнайшы» қоғамдық қорының төрағасы, академик А. Құлыбаев пен облыс әкімі Б. Ізмұхамбетов лентаны қиғаннан кейін салтанатқа қатысушылар әсем безендірілген жасыл алаңға қарай жүрді. Дәл осы жер бұдан екі жыл бұрын күтімсіз жатқан жер екен. Мұнайшылар бойтұмары - жанып тұрған алаудың көрінісі орталық композицияны ашып тұр. Оралдық мүсіншілер Орал өңірінің мұнайгаз кен орындарын алғашқы ашушыларының барельефтарын жасады. Сол кезде жұмыс жасаған барлық геологтардың аты-жөндері тасқа қашалып жазылды. Олардың ішінде әр жылдары шикізат көзін ашып, бүгінгі біздің өлкеміз бен бүкіл еліміздің игілігін қамтамасыз еткен С. Қамалов, В. Подьяблонский, М. Ықсанов, А. Оразбаев, А. Жарылғасов, С. Лапшин, т.б. көптеген мамандардың аттары бар.

Қала басшылары аллеяны әлі де абаттандыратындарын айтты. Мұнда ағаштар отырғызылып, көк шөптер егілетін болады. Осылайша оралдықтардың демалуына арналған тағы бір тамаша орын пайда болды.

Батыс Қазақстан еліміздің ең ірі мұнай өндіруші аймақтарының бірі. Осыдан 20 жыл бұрын ашылған Қарашығанақ кен орны бүгінде әлемге аян. Еліміздің көмірсутекті шикізатты өндіретін бес облысының ішінен Орал бірінші болып өздерінің геолог-барлаушыларын есте қалдыру қамдамын жасады.



КПО компаниясындағы Тілдер мерекесі

Осы мерекеге орай КПО-ның бас директоры өз қызметерлеріне мынадай құттықтау жолдады:

«Сіздерді Қазақстан халқының тілдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлан байтақ, бейбітшілігі мен бірлігі жарасқан қазақ жеріндегі көптеген ұлт өкілдері үшін бұл ерекше аталып өтетін мереке.

Ұлтаралық қарым-қатынасты дамытып, нығайта түсетін мемлекеттік тілдің қолданысын дамыту компанияның стратегиялық мақсаттарының бірі. Оған қоса КПО қазақ тілін оқыту бойынша тренинг жаттығуларын ұйымдастырып, жалпы тілдерді дамыту мақсатында әртүрлі іс-шараларды өткізіп тұрады. Осындай аталып мерекеді КПО-ның барлық қызметкерлеріне және олардың отбасыларына зор денсаулық, мол бақыт тілеймін!»

Байқауға қатысушылар арасында үздік орындаушы, мәнереілеп оқу және көрермен көзайымы аталымы бойынша жүлдегерлер анықталып, сый-сияпат табыс етілді.



Өз қызметкерлерінің білім алуына қолдау көрсету

КПО-ның гранттар бөлетін комитеті жақында КПО-ның жергілікті 16 қызметкеріне, сол сияқты 2010 жылға 27 балаға гранттар берілгенін хабарлады. Осылайша КПО-ның гранттар бөлетін комитеті жергілікті кадрлар мен олардың балаларының білімалуларына көмек көрсетуде. Болашағы бар қызметкерлердің қызметте есуіне қолдау көрсетіп қана қоймай, оларды болашақ басшылық қызметке дайындап, өз қызметкерлерінің балаларының үлкен өмірге жолдама алуына да барынша көмек беруде.

2009 ж. КПО-ның 27 қызметкері мен 44 мектеп түлегі жалпы құны 140 мың доллар КПО-ның грантына ие болған. Осы білім беру бағдарламасы басталған 2002 жылдан бері КПО-ның 79 қызметкері, 179 бала жалпы құны 780 мың долларға грант алған. КПО өз қызметкерлерінің қызметте есуі мен олардың балаларына көмек беруге ұзақ мерзімдік міндеттеме қабылдады. Бұл бағдарламаның мақсаты – КПО қызметкерлерінің кәсіби әлеуеттілігін дамыту, лайықты ұлттық кадрлардың білімдері

мен дағдыларын жетілдіру, осылайша оларды болашақ басшылық қызметке дайындау.

Бұдан басқа КПО компаниясы өздерін еліміздің мұнайгаз өндірісін өркендетуіне арнауға шешім қабылдап, отанымыздың әртүрлі жоғары оқу орындарында оқып жатқан Қазақстан студенттеріне барынша қолдау көрсетуде. 2009 жылы 15 қазақстандық студент КПО компаниясынан грант алды. Бүгінгі таңда компаниядан грант алған студенттердің жалпы саны 114 адамды құрап отыр.

Алматыда өткен Надиров оқулары

Биылғы жылдың қыркүйек айында Алматыдағы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-інің химия факультетінің жаңа ғимаратында «Мұнайгаз кешенінің ғылыми-техникалық дамуы» атты сегізінші халықаралық ғылыми Надиров оқулары болып өтті. Анықтама үшін: Надиров Надир Каримович – ҚР Ұлттық инженерлік академиясының алғашқы вице-президенті, ҚР ҰҒА академигі, Кеңестер Одағының Құрметті мұнайшысы.

Надиров оқуларының жұмысына КПО компаниясының пайдалы қазбаларды пайдалануға рұқсаттар мен лицензиялар менеджері Жәрдем Құсанов қатысып, «Көмірсутегінің генерациясы және миграциясы жағдайында кен орнын бағалау» атты тақырыпта баяндама жасады.

Конференция кезінде Әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің ректоры, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов КПО қызметкері Жәрдем Құсановты конференцияға белсене қатысқаны үшін және мазмұнды баяндамасы үшін құрмет грамотасымен марапаттады.

КПО жастар бастамасын қолдайды

Орал қаласында жас кәсіпкерлердің І экономикалық форумы өз жұмысын аяқтады. Форум жұмысы «Бизнесіңіз жол картасы-2010» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде «Жәрдем-Содействие» Жастар бастамашылық орталығы» ЖБҰ ұйымдастыруымен, КПО компаниясының демеушілік көмегімен өткен болатын.

Шараны өткізудегі негізгі мақсат – жастар кәсіпкерлігін дамытуға және шағын компаниялардың жаңа шетелдік нарыққа шығу мүмкіндіктеріне ықпал жасау болып табылады. Форумның жұмысына жас бизнесмендермен бірге компанияның өкілдері Айгүл Калиогдина және Ақмарал Адилова, USAID, сонымен қатар көден және салық орындарының өкілдері қатысты. Қатысушылардың барлығы да жастарға

кәсіпкерлікке қалайша толықанды қатысуға болатыны, өз ісін ашып, заңды рәсімдеп және оны ары қарай қалай дамытып әкетуге болатыны жөнінде қажетті ақпаратты алу мүмкіндігіне ие болды. Форум кезінде батыстық жұмыс тәжірибесін, технологиясын үйреніп, шетелдік әріптестерді жұмысқа тартудың қажеттігін, сонымен бірге компанияны ұлттық кадрлармен қамтуды ұмытпау керектігі атап айтылды. Егер сіз өз ісіндізді бастамақ болсаңыз нарықты, оның сұранысын зерттеп алыңыз, өз тұтынушыңызды немен таңданта алатыныңызды ойластырыңыз.

Осылайша бизнес-форум жас бизнесмендер мен мүдделі орта өкілдері арасындағы конструктивті, заманауи диалогқа апаратын өз дәрежесіндегі баспалдақтай болды.